

ЖҰМЫС БЕРУШІГЕ АРНАЛҒАН ХАТ ҮЛГІСІ

Үлгіні толтырыңыз және осы хатты басшыңызға және/немесе HR әріптестеріңізге жіберіңіз. Қызыл курсивпен жазылғанның бәрін өшіріп тастаңыз.

ТАҚЫРЫБЫ: EdCrunch Reload конференциясына қатысу

Қайырлы күн, **[Басшының аты және/немесе HR]!**

Кәсіби тұрғыдан даму мақсатында 2022 жылдың 23-24 қарашасында өтетін [EdCrunch Reload білім берудегі жаңа технологиялар бойынша](#) Еуропадағы ең ірі конференцияға қатысқым келеді. Конференцияға 23-24 қарашада Қазақстан Республикасында (Алматы), сондай-ақ онлайн түрде де қатысуға болады.

Біздің ұйымымызда ең үздік білім беру идеялары мен тәжірибелер алмасу және қолдану мақсатында компаниядан менің осы іс-шараға қатысуым үшін **[қолайлы нұсқаны таңдаңыз: күндізгі форматта 23-24 қарашада Алматыда, онлайн-форматта 23-24 қарашада]** ақы төлеуді сұраймын.

Жыл сайын конференцияда әлемнің түкпір-түкпірінен келген сарапшылар сөз сөйлейді. EdCrunch Reload-ға қатысу маған білім берудегі озық трендтермен танысуға, шетелдік тәсілдер мен тәжірибелер, оқытудың әдістері мен технологиялары туралы көбірек білуге мүмкіндік береді. Ұйымдастырушылар білім берудің барлық деңгейін қамтыған, соның ішінде менің жұмысыма тікелей қатысты тақырыпты қамтитын жоғары сапалы кәсіби бағдарлама дайындаған **[таңдаңыз немесе өзіңіздікің жазыңыз: корпоративті оқыту, мектепке дейінгі білім беру, мектептегі білім, жоғары білім, EdTech-тегі бизнес]**.

Конференцияға қатысу барысындағы менің жоспарым:

- білім беру саласында жаңа білім алу, өзімнің кәсіби деңгейімді көтеру;
- әлемнің жетекші мамандарынан тәжірибе алу;
- біздің ұйымда жобалармен жұмыс істеу үшін жаңа идеялар мен білім жинау;
- қоғамдастық өкілдерімен танысу және байланыстармен алмасу.

Менің конференцияға қатысуыма қажетті қаражат:

[авиабилет, тұру, конференция билеті]

Конференциядан кейін біздің ұйымда жұмыс барысында қолдануға болатын негізгі идеялар мен түйіндемелер жасалған баяндама жасауға дайынмын.

Ұйым маған осы іс-шараға қатысу үшін қаражат төлеуге дайын ба? Рахмет!

[Күні, қолы]